

ЖАНУАРЛАРДЫҢ
МОРФОЛОГИЯСЫ МЕН
ФИЗИОЛОГИЯСЫ. ЖАНУАРЛАР
ТУРЛЕРІ

ЖАНУАРЛАР

- **Жануарлар** (лат. *Animalia*) – тірі организмдер дүниесіндегі негізгі екі топтың бірі (екіншісі - өсімдіктер); жүруге және сезінуге бейім тіршілік иесі; негізінен, дайын органикалық қосылыстармен қоректенетін гетеротрофты организмдер. Жануарлар құрылысына қарай бір жасушалы организмдер және көп жасушалылар болып екі топқа бөлінеді. Жер бетінде жануарлар прокариоттар (ядросыз организмдер), балдырлар, саңырауқұлақтар дан кейін пайда болған.

ЖАНУАРЛАР МОРФОЛОГИЯСЫ

- Жануарлар морфологиясы (грекше *morphe* - пішін) - денесінің пішіні мен құрылысы, олардың жекеше және тарихи эволюциялық дамуы туралы ғылым. Бұл анатомия, гистология, эмбриология, цитология ғылымдарымен тығыз байланысты. Қазақстанда эволюциялық морфология (ұзақ тарихи даму процесі кезінде жануарлардың төменгі сатыдағы қарапайым түрінен жоғарғы сатыдағы күрделі организмдерге дейінгі аралығы); салыстырмалы морфология (әртүрлі мал тұқымдарының ұқсастығы мен айырмашылығы заңдылықтарын салыстыра зерттеу); мал тұқымдары морфологиясы (малдың органдарының құрылысын мал тұқымына байланыстыра зерттеді).

- Жануарлар дүниесінің екі тармағы бар: *біржасушалы жануарлар және көпжасушалы жануарлар.*
- Біржасушалы жануарлардың денесі негізінен бір ғана жасушадан тұрады. Сондықтан олар қарапайым жәндіктер деп аталады. Көпжасушалы жануарлар ағзасында жасушалар көп болады. Олар әр түрлі қызметтер атқарады. Жасушалардың бір тобы ішкі және сыртқы орталан тітіркендіргіш әрекетін қабылдап, сезімталдық білдіреді. Енді бір тобы дыбыс тербелісін қабылдап, талдау арқылы есту жүйесінің негізін құрайды.

- Жануарлар дене құрылысының ортақ белгісі бойынша омыртқасыздар және омыртқалылар болып бөлінеді. Халқымыз омыртқасыз жануарды жәндіктер дейді. Жәндіктердің денесінде ішкі қаңқа және омыртқа жотасы болмайды. Олардың біржасушалы да, көпжасушалы да түрлері болуы мүмкін.
- Ішкі қаңқасы және омыртқа жотасы болатын түрлер омыртқалы жануарларға жатқызылады. Бұлар жануарлар деп аталады. Жануарлардың ұрығы дами бастаған белгілі сатысында ішкі қаңқа нышаны байқалады. Бұл түзіліс бас пен құйрық аралығында домбыра ішегі желісіне ұқсас керіліп жатады.

- Түр дегеніміз - Жер ғаламшарындағы тіршілік атаулыларды жүйелеудегі негізгі өлшем бірлік. Бір түрде бірнеше дарақтар (особь) болады. Олар өзара бірімен-бірі еркін жұптасып, өзінен кейін ұрпақ қалдырады. Әр түрге жататын дарақтар бірімен-бірі жұптасқанмен де, соңынан ұрпақ қалдыра алмайды. Оған жылқы мен есектің жұптасуынан туған қашыр мысал бола алады. Қашыр ұрпақ бермейді.
- К. Линней жануарларды жүйелік топқа жіктеу кезінде түрді негіз етіп алды. Ол *түрді - туысқа, туысты - тұқымдасқа, тұқымдасты - отрядқа, отрядты - класқа, класты - типке, типтерді жануарлар дүниесіне біріктіруді* ұсынды.

ЖАНУАРЛАРДЫ ЖІКТЕУДІҢ МЫНАДАЙ ҚЫСҚАША СЫЗБА НҰСҚАСЫ ҚАЛЫПТАСТЫ:

- түр → туыс → тұқымдас → отряд →
класс → тип → жануарлар дүниесі.

Назарларыңызға
Рахмет